«Набережное ауылының «Балбобек» сәбилер бақшасы» КМҚК 2024 жылғы мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша есебіне талдамалық анықтама

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республика Заңына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша немесе өтінішінсіз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

«Набережное ауылының «Балбобек» сәбилер бақшасы» КМҚК мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Тізіліміне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 1 түрі көрсетіледі:

1. «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау»

2024 жылы барлығы 26 қызмет көрсетілді. 2024 жылы мемлекеттік қызмет көрсету бойынша шағымдар түскен жоқ.

Мектепке дейінгі мекеменің ғимаратында Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша стенд орналасқан, онда мемлекеттік қызмет стандарттары, өтініш үлгілері орналастырылған. Ата-аналардың электрондық қызметтерді алуына қол жеткізу үшін фойеде «Өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы» бұрышы ресімделді. Жеке үстелде ноутбук, принтер бар. 2024 жылы «Өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары» арқылы 18 қызмет көрсетілді. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мәселелеріне ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. 2024 жылы ата аналарға балаларды мектепке дейінгі ұйымға қабылдау бойынша 26 жадынама табыс етілді

Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттануы мақсатында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпаратты стендте, мектепке дейінгі ұйымның сайтында орналастырды, мемлекеттік қызметтер көрсету процестерінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған ата-аналар жиналысы нысанында жария талқылау жүргізілді, көрсетілетін қызметті алушылар үшін барлық қажетті ақпарат, сондай-ақ бейне-роликтер түрінде өткізілетін іс-шаралар туралы ақпарат жарияланады, буклеттер.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасы мен уақтылығын одан әрі арттыру мәселелері тұрақты бақылауда, мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін бұзушылықтарға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдануда.

Басшы: М.М. Айдарханова

Орындаушы: Ш. Ш. Жулаева
Байланыс нөмірі: +770770695512

Scanned with CamScanner